

Ұйымдасқан қылмыстың әлеуметтік-психологиялық мінездемесі

Сабақ жоспары:

- 1. Әлеуметке жат бейресми топтар мен бірлестіктер мәселесі.*
- 2. Жанұя ұйымдасқан қылмыстың бастапқы бірлігі ретінде.*

1) Әлеуметке жат бейресми топтарға заңсыз құрылған топтар жатады. Бұл топтарға жастар арасындағы құқық бұзушылық топтар, секта, көптеген теріс діни ағымдық ұйымдар, яғни адамды ақиқаттылықтан адастыратын топтар жатады. Қылмыстық мінез-құлыққа ықпал ете алатын тұлғаның қоғамға жат көзқарастары бағыттары, қоғам қолдамайтын мұқтаждықтары мен мүдделерінің түбі әлеуметтік. Осы жерде бірден тұлғаға ықпал ететін сыртқы ортаның екі деңгей болатын айта кеткен абзал, олар: микроорта және макроорта. Екеуінің арасындағы бөліну шартты. Микроорта - ол тұлға тікелей байланысқа түсетін қоғамның институттары (жанұя, достар, өзге де топтар). Адам макрортаны микроорта арқылы ғана бойына сіңіреді, өйткені „ұстап көруге болатын“ макроорта болмайды, макроорта микроорталардың жиынтығы ғана емес, ол тұтастай алғандағы қоғамды, тіпті, қоғамда бұрын өмір сүргенмен қазір жоқ әсер етуші институттарды да білдіреді. Әдетте, жанұядағы спирттік ішідіктермен әуестену, жанжал, жанұя мүшелерінің моральға жат, заңға қайшы әрекеттері сияқты келеңсіз жағдайлар қатты әсер етеді, бірақ бұл да ең негізі емес, ең негізгі нәрсе жанұя мүшелерінің арасындағы эмоционалдық байланыс, бетпе-бет ашық әңгімелесу. Конфликтілік атмосферада өскен Оқу-әдістемелік кешен балардың үлгілі отбасында тәрбиеленген кәмелетке толмағандарға карағандағы құқық бұзушылыққа деген тәуекелі 4-5 есе жоғары болған.

Мысалға, Робин Гуд шет ел аңызынан алынған персонаж, ол өмірде жоқ, бірақ жалпы қоғамдық көзқарастарды қалыптастыруға ықпал етуші тұлға. Мысалға 1994 жылы Ресейде жатып интернет жүйесі арқылы АҚШ-тың беделді банк жүйесіне сақтандару құралдарын бұза олтырп еніп, әр мемлекеттердің басқа банктеріндегі есеп-шоттарға ондаған миллион АҚШ доллары көлеміндегі қаржыны бірнеше сағаттың көлемінде аударып жіберген, кейіннен Ресейге



мөлшерде ақша „аударған““. Оны жасаған 24 жасар Ресей азаматы АҚШ-та ұсталып, сот алдында жауап бергенде, судьяның „Бұл істі не үшін жасадың?““ - деген сұрағына мектепте төменгі сыныпта оқып жүргенде әңгімесін баяндап берген. Онда мұғалім бұлардан өскенде кім болатындығы туралы сұрақ қойып, кезек бұған келген ол: „Ол мамандықтың қалай аталатынын білмеймін, бірақ ондай мамандықтың бар екенін білемін, ол - байлардан ақшаны алып кедейлерге бөліп беретін мамандық деп жауап берген““. Жауап берген оқушылардың ішіндегі ең дұрыс жауап деп мұғалім осы болашақ „хакердің“ жауабын тапқан. Бұл әрекет аңыздағы Робин Гудтің әрекетіне сай келеді. Ондай қасиеттерді ол макрортаны құраушы Робин Гудті көргесін емес, тікелей байланыстағы микрортаның айтуымен сіңіреді. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде бейнефильмдердің маңызы зор. Сұралғандардың 90%-і бос уақыттарында кинотеатрлар мен үйлерінде кино көретіндігін мәлімдеген.

2) Микроортаның ішінде тұлғаның өмірге келген алғашқы күндерінен ықпал ететін ол - жанұя. Бала жанұяны дүниенің кіндігі деп есептейді, әр түрлі қылықтарды жанұя мүшелерінің мінез-құлқымен салыстара отырып қана „жақсы-жаман“ деп бағалайды. Өз оң-сұлын таныған соң ғана көңіл көкжиегін кеңейте бастайды, жанұя мүшелерінің әрекетінің де қате екендігін түсінеді, бірақ ол кезде тым кеш болуы мүмкін, өйткені қалыптасып қалған қасиеттерін өзгертіп, өзін өзі қайта тәрбиелеу қиын, ал оны сыртқы күштер тарапына қайта тәрбиелеу мүлде қиын. Бірақ Абай қарасөздерінде „Егер мен қолымда закон қуаты бар адам болсам, адамды қайта тәрбиелеуге болмайды деген адамның тілін кесер едім“, - демеп пе еді?!!

Толық емес немесе ажырасқан отбасылардың криминогендік маңызы бар. Зерттелгендердің 32%-нде ата - анасының біреуі болмаған. Олардың 19,4%-і некеден тыс туғандар. 11 Отбасылардың 17,4%-нде әке-шешесінің арасында үнемі жанжал болған, 16,1%-нде олар уақытша ажырасқан. Басқа бір зерттеулерге қарағанда "Жасөспірімдерге теріс ықпал жасаған не?" - деген сұраққа: 7,5%-і - туыстарымның жасаған қылмысы, 14,1%-і - отбасы мүшелерінің ішімдікке салынуы, 2,3%-і - үйдегі жанжал, көзге шөп салу, 73,6%-і - көшенің ықпалы, - деп жауап берген. Сұралғандардың үштен бір бөлігі ғана әке- шешесінің беделін сыйлаған. Мұғалімнің, ұстаздарының беделін - 2,3%, жаттықтырушылардың, үйірме жетекшілерінің беделін - 4%, жұмыс істеген не оқыған ұжымының беделін - 3,7%-і , ата-аналарының - 37,5%-і сыйлаған.

В.Н.Кудрявцевтің пікірінше адамның өмір салты дұрыс болмаса, ол адам бұзылады, оны қылмысқа бейімдейтін жағдай туады.



В.Н.
Кудрявцев